

"Темір жол көлігінің әлеуметтік мәні бар ауданаралық жолаушылар қатынасының тізбесін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 34/401-IV шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 4/29-VII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 29 сәуірде № 8701 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының "Темір жол көлігі туралы" Заңының 14-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 703 "Теміржол вокзалы кешенінің және кейбір теміржол станцияларының атауларын және кейбір теміржол станциялары атауларының транскрипциясын өзгерту туралы" қаулысына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Темір жол көлігінің әлеуметтік мәні бар ауданаралық жолаушылар қатынасының тізбесін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 34/401-IV шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 2562, 2012 жылғы 9 қаңтардағы "Дидар", 2012 жылғы 10 қаңтардағы "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Өскемен-1-Риддер", "Өскемен-1-Алтай", "Өскемен-1-Жалаңашкөл", "Семей-Жалаңашкөл" маршруттары бойынша темір жол көлігінің әлеуметтік мәні бар ауданаралық жолаушылар қатынасының тізбесі бекітілсін."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Шығыс Қазақстан облыстық
мәслихатының хатшысы

А. Анчугин
Д. Рыпаков